

ДЕРБЕС БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ БАС КЕЛІСІМ (Жалпы шарттар)

Осы Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісім (бұдан әрі – Келісім) Банктің клиенттеріне банктік қызмет көрсету бойынша қызметтер кешенін көрсету тәртібін, осындай қызметтер шеңберінде клиенттердің банктік операциялар жүргізу тәртібін реттейді. Осы Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның шарттары Клиенттің (Клиенттің уәкілетті өкілінің) өз қолы қойылған осы Келісімге қосылу туралы Өтініштің (осы Келісімнің 1-қосымшасы) (бұдан әрі – Өтініш) негізінде жалпы осы Келісімге қосылу арқылы клиентпен қабылдануы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәлімет Өтініште көрсетіледі. Банк Өтініште тиісті белгілер қойғаннан кейін Өтініш қабылданған, ал Келісім Клиентпен жасалған деп саналады. Бұл кезде Өтініш пен Келісім бір құжат ретінде қарастырылады.

Осы Келісім шеңберінде Клиенттің қажеттілігін (және мүмкіндігін) ескере отырып, Банк төмендегі Қызметтерден тұратын кешенді банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады:

- ағымдағы және жинақ ақша шоттарын ашу және жүргізу;
- тұтынушылық мақсаттарға банктік қарыз беру;
- халықаралық төлем карточкаларын шығару;
- сейфтік операциялар;
- аударым операциялары;
- шетел валютасын сатып алу/сату бойынша операциялар;
- (бұдан әрі Келісім мәтіні бойынша Қызметтер деп аталатын) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында қарастырылған өзге операциялар.

I. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Келісім Клиентке Қызметтер көрсетудің, соның ішінде банктік операцияларды жүзеге асырудың жалпы шарттарын қамтиды. Нақты Қызметті көрсетудің және/немесе белгілі бір операцияны жүзеге асырудың елеулі және өзге талаптарын Банк белгілейді және қажет жағдайда, Клиент осындай өтініштердегі/нұсқаулардағы Банктің белгілеріне/растауларына сәйкес Клиенттің өтініштерінде/нұсқауларында, егер қажет болса – шарттарда/қосымша келісімдерде белгілейді. Өтініштер/нұсқаулар немесе тиісті шарттар/қосымша келісімдер формаларын Банк белгілейді. Банктің тиісті белгісі/растауы қойылғаннан кейін Қызметті көрсетуге ұсынған Клиенттің әрбір өтініші/нұсқауы, шарт/қосымша келісім осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Банк Клиентке Дербес менеджерді (бұдан әрі – Дербес менеджер) белгілейді.

3. Дербес менеджер Банктің көрсететін Қызметтері және оларды жүргізу тәртібі туралы Клиентке кеңес береді; Клиенттің өтініштерін қабылдайды және олардың уақытылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Клиенттің банктік шоттары бойынша Банктің операцияларды жүргізуі

4. Банктік шоттарды ашу және олар бойынша барлық операцияларды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Халықаралық карточкалық төлем жүйесінің қызмет ету

ережелеріне, Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына, Жеке тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі жария келісімге және Банк пен Клиент арасында жасалған басқа келісімдерге/шарттарға қатаң сәйкестікте орындайды.

5. Осы Келісімнің шарттарында Клиенттің өтініші бойынша Банк Клиенттің отбасы мүшелеріне/үшінші жеке тұлғаларға Қызмет көрсетуі мүмкін. Көрсетілген тұлғалар осы Келісімнің шарттарында Банк Қызмет көрсететін тұлғаларды белгілеу құқығынсыз осы Келісімнің преамбуласында белгіленген тәртіппен Келісімге қосылады. Бұл ретте клиент Өтініште мәлімдеген тұлғалар саны 4 (төрт) адамнан аспауы тиіс.

Тарифтер

6. Осы Келісімге сәйкес Қызметтерді көрсету үшін Банк Қызметтерді көрсету кезіндегі Банктің қолданыстағы тарифтеріне (бұдан әрі – Банк тарифтері) сәйкес комиссиялық сыйақыны өндіріп алады.

7. Дербес банктік қызмет көрсету үшін комиссияны Клиент осы Келісімді жасасу/мерзімін ұзарту күні Өтініште көрсетілген ағымдағы банктік шотқа енгізеді.

8. Егер басқасы осы Келісімнің қосымша келісінде немесе осы Келісімнің шеңберінде жасалатын тиісті шарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Тарифтерді өзгертуге құқылы.

Хабарламалар

9. Банк Қызметтерді көрсету/өзгерту/көрсетуді тоқтату шарттарының, Банк Тарифтерінің және Келісімнің басқа ережелерінің өзгеруі туралы Банк пен Клиент арасында жасалған келісімдерде, Өтініште белгіленген тәсілдердің кез келгенімен немесе Банк филиалдарында тиісті хабарламалар орналастыру арқылы, сондай-ақ www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша Банктің корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру (егер бұл тиісті қызметке немесе өзгертуге/тоқтатуға қолданылса) арқылы хабарлайды.

10. Клиенттің банктік шоттарына иелік ету немесе Клиенттің атынан өзге операцияларды жасау құқығын үшінші тұлғаларға ұсынған кезде, Клиент осындай тұлғалардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтауы, тұрғылықты мекенжайының, электронды пошта мекенжайының, телефон, факс нөмірінің өзгеруі жөнінде Банкке жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа байланыс құралдары арқылы хабарлауға және 1 (бір) жұмыс күннің ішінде осындай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

11. Банк электронды мекенжайларының/мобильді телефон нөмірлерінің өзгеруі туралы немесе Дербес менеджерінің/Банктің қызмет көрсететін бөлімшесі басшысының ауысуы туралы Клиентке 10 (он) жұмыс күннің ішінде Келісімнің 4-қосымшасында белгіленген форма бойынша электронды поштамен/ sms-хабарламамен/қолға табыс етумен (Банктің қалауы бойынша) хабарламаны жолдау арқылы хабарлайды .

II. НҰСҚАУЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12. Клиенттің нұсқаулары заңнама/Банк белгілеген формаларға сәйкес жазбаша түрде ұсынылуы тиіс, Клиенттің өз қолы немесе оның сенім білдірілген тұлғасының қолы қойылуы тиіс және осы Келісімнің шарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс. Нұсқаулар ұзақ мерзімді (соның ішінде мерзімді/тұрақты негізде операцияларды жүргізу) және бір реттік сипатта болуы мүмкін.

13. Банктің бір реттік нұсқауларды орындауға қабылдауы келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- Клиент тікелей Банкке өтініш білдірген жағдайда;
- Сенім білдірілген тұлға (сенімді тұлға) арқылы нұсқауларды жіберу жағдайында;

14. Клиент 1) тәуліктік тәртіпте төлем карточкалары бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру бойынша қызмет алу үшін; 2)

инкассация бойынша (клиент ақшасын жинау/қолма-қол ақшасы және құндылықтары бар клиентпен бірге ілесіп жүру) қызмет алу үшін 3) тәулік бойы режимде мобильді қосымшада жинақ ақша шоттарынан қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру бойынша қызметтер алу үшін қашықтықтан өтініш білдіру мүмкіндігін пайдалануға құқылы:

- мекенжайы осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген электронды поштаға Дербес менеджердің жұмыс электронды мекенжайына хабарлама және осы Келісімнің 6-қосымшасына сәйкес Банктің қызмет көрсететін бөлімшесінің басшысына жіберу арқылы;

- осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген жеке мобильді телефоннан (бұдан әрі – жеке мобильді телефоннан) осы Келісімнің 6-қосымшасында көрсетілген Дербес менеджердің мобильді телефонына (бұдан әрі - Дербес менеджердің мобильді телефоны) қоңырау соғу арқылы;

- Дербес менеджердің мобильді телефонына жеке мобильді телефоннан SMS немесе Интернет желісіне қосылу арқылы хабарламалармен алмасуға мүмкіндік беретін мобильді телефондарға арналған қосымшалар («WhatsApp», «Viber», «Telegram» және т.б.) арқылы хабарламалар.

Клиент осы тармаққа сәйкес алынған сұрау салуды одан әрі орындау үшін мобильді телефон бойынша хабарламада/қоңырау соғу кезінде Клиентпен осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген құпия сөзді Дербес менеджерге хабарлауы қажет.

Клиент өтініште жаңа құпия сөзді көрсету арқылы құпия сөзді ауыстыруға құқылы.

Тәуліктік тәртіпте төлем карточкалары, ағымдағы және жинақ ақша шоттары бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру мәселелері бойынша жазбаша хабарлама мәтіні осы Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес форма бойынша ресімделеді.

15. Клиент осы Келісімнің 14-тармағына сәйкес жіберген оның хабарламасы негізінде төлем карточкалары, ағымдағы және жинақ ақша шоттары бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру мүмкін салдары үшін Клиент жауапкершілікте болады.

16. Сенім білдірілген тұлға өтініш білдірген жағдайда, нұсқауды қабылдау мен операцияларды жүзеге асыру осындай нұсқауды ұсынуға және тиісті операцияны жүзеге асыруға сенім білдірілген тұлғаның өкілеттіктерін растайтын сенімхаттың, сенім білдірілген тұлғаның жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың негізінде жүргізіледі.

17. Клиенттің нұсқаулары операциялық күннің ішінде қабылданады. Осы Келісімнің 14-тармағына сәйкес қызметтерді көрсету шеңберінде алынған нұсқаулардың басқасынан операциялық күн аяқталғаннан кейін ұсынылған Клиенттің нұсқаулары келесі операциялық күні қабылданды деп есептеледі.

18. Клиенттің шетел валютасын жеңілдікті бағам бойынша айырбастау жөніндегі нұсқауларын Банк осы Келісімге 7-қосымшаға сәйкес қабылдайды, бұл ретте Клиент сатып алынған валютаны айырбастау күнгі нарықтық сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптасқан валюта бағамына қарамастан қабылдауға міндеттенеді.

19. Банк Клиенттің нұсқауларын келесі жағдайларда орындамайды:

- операция Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмесе;
- төлем құжаты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуымен ресімделсе;

- төлем құжатында төлем деректемелері дұрыс емес немесе толық емес көрсетілсе;

- төлем құжаты (нұсқау) рұқсат етілмеген деп санаудың жеткілікті негіздері бар болған кезде;

- тәуліктік тәртіпте төлем карточкалары бойынша шектеулерді/лимиттерді алып тастау/өзгерту/қалпына келтіру шеңберінде қызметтерді алуға сұрау салуды көрсету арқылы хабарлама осы Келісімнің 14-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;

- Клиенттің нұсқауы Банк ұсынатын шарттарға сәйкес келмейді;

- Клиенттің шетел валютасын жеңілдікті бағам бойынша айырбастау бойынша нұсқауы Клиенттің өтініші бойынша Банк валюта сатып алғанға дейін Клиенттің бастамасы бойынша кері қайтарып алынды.

III. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

20. Осы Келісімнің тараптары осы Келісім бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмау жағдайлары үшін, егер олар еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болуының салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады.

21. Еңсерілмейтін күш жағдайларына Тараптардың бақылауынан тыс кез келген жағдайлар, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей: бағдарламалық қамтамасыз етудің, электр энергиясының істен шығуы, әскери жанжал, табиғи апат, өрт, осы Келісімді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілері жатады.

IV. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

22. Клиент Қызмет кешенін толық немесе оның кез келгенін жеке пайдалануға құқылы. Бұндай кезде осы Келісімде қарастырылған Қызметтер Банк Клиенттің өтінішін/нұсқауын оларға тиісті белгі қою арқылы қабылдағаннан (акцептілегеннен) кейін, егер талап етілсе – Тараптар тиісті шартқа/қосымша келісімге қол қойған күннен бастап ұсынылады.

23. Клиент біржақты бас тартудың болжалды күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде Банкке жазбаша хабарлау арқылы осы Келісімді орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Бұндай кезде Тараптар арасындағы толық есеп айырысуды жүзеге асыру шартында (егер Қызметтерді ұсынуды тоқтату тәртібі Банкке ұсынылған қызметтерді ұсыну өтінішінде/шартында қарастырылмаса) осы Келісім хабарламада көрсетілген күннен бастап өз әрекетін тоқтатады. Егер осы Келісімнің шеңберінде банктік қызметтердің жекелеген түрлерін ұсыну шарты жасалса, онда осы Келісімнің әрекет етуін тоқтату кезінде тиісті шарт Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етуін жалғастырады.

24. Банк келесі жағдайларда осы Келісімді орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

- Клиент дербес қызмет көрсету үшін комиссияны 2 (екі) айдан астам уақыт төлемеген жағдайда (егер Қызметтерді ұсынуды тоқтату тәртібі Банкке ұсынылған қызметтерді ұсыну өтінішінде/шартында қарастырылмаса) Клиентке біржақты бас тарту күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмайтын мерзімде жазбаша хабарлау арқылы.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, біржақты бас тарту күніне дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Клиентке жазбаша хабарлау арқылы.

25. Банк құқылы:

1) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте операция жүргізуден бас тартуға.

2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте осы Келісімді орындаудан бас тартуға. Банк осы Келісімнің деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде осы Келісімді (толық) орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электронды түрде немесе пошта бойынша (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Келісім хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұл кезде Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

26. Банк Клиенттің алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіпте Келісімге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Банк Келісімге енгізілген өзгертулер және/толықтырулар туралы ақпаратты Банктің www.jysanbank.kz интернет-ресурсына орналастыру арқылы, сондай-ақ ақпаратты Банктің филиалдарында барлығына қолжетімді жерге орналастыру арқылы Клиентке осындай өзгертулер және/толықтырулар енгізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде хабарлайды.

V. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

27. Клиент Келісімге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде Банкке енгізілген өзгертулер және/толықтыруларды ескере отырып Келісім талаптарын қабылдамау туралы өтініш ұсынбаған жағдайда Клиент Келісімнің жаңа редакциясымен (өзгертулер/толықтырулар) келісті және енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып оған толық қосылды деп саналады.
28. Келісімге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде өзінің әрекет етуін жалғастырады.
29. Банк осы Келісімнің талаптарын орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапкершілікте болады.
30. Клиент жүзеге асыратын операциялардың заңға сай болуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады, сондай-ақ Банкке ұсынатын құжаттардың дұрыс болуы үшін жауапкершілікте болады.
31. Банк Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық немесе анық емес нұсқаулықтары нәтижесінде және Банкке қатысы жоқ өзге себептер бойынша туындаған осы Келісімге байланысты міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамаған үшін Клиент алдында жауапкершілікте болмайды.
32. Банк Клиенттің осы Келісімде қарастырылған талаптарды орындамағаны немесе тиісті түрде орындағаны себебінен Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілікте болмайды.
33. Кез келген жағдайда осы Келісімнің талаптарын бұзу кезінде Банктің жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекетімен/әрекетсіздігімен Клиентке келтірілген нақты зиян мөлшерімен шектеледі.
34. Клиент осы Келісімге қол қою арқылы Банкке жазбаша келісімін беретінін және Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құпия түрде Банкпен шарттар/келісімдер жасалған немесе Банкпен, Банктің акционерлерімен және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен үшінші тұлғалардың қызметтерді (кеңес беру, заң, аудиторлық және басқа қызметтер) көрсетуі үшін жалданған немесе болашақта жалданатын кез келген үшінші тұлғаларға осы Келісімнің негізінде Клиент туралы мәліметтер мен ақпаратты және осы Келісімнің талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ Клиентке және/немесе осы Келісімге қатысы бар ақпаратты, соның ішінде банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын өзге де ақпаратты беруіне уәкілеттік беретінін растайды. Бұл кезде аталған ақпарат пен мәліметтер көрсетілген үшінші тұлғаларға Банкке, Банктің акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Банктің өз қызметін жүзеге асыруына сай болатындай етіп, тиісті түрде қызмет көрсетуі үшін қажетті және жеткілікті көлемде ұсынылады (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне, мемлекеттік кірістер органына есептер/есептілік/ақпарат беру, сондай-ақ осындай ақпарат/мәліметтерді ұсыну қажеттілігі/міндеттілігі бар/туындайтын басқа жағдайларда).
35. Осы Келісіммен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен, Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
36. Тараптар арасында туындаған барлық даулы мәселелер өзара мүдделерін ескере отырып келіссөздер арқылы шешіледі.
37. Осы Келісіммен байланысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар талапкердің/арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес, ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік соттарға бағынысты емес және осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуы тиіс дауларды қоспағанда, Төрелік сотқа талап/өтініш беру күніндегі редакциядағы осы Төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы Төрелік сотында» қарастырылуы тиіс.
38. Осы Келісімге жасалған барлық Қосымшалар (соның ішінде Қызметтерді алу туралы өтініш) оның ажырамас бөлігі болып табылады және Банк оларды орындау үшін қабылдаған

кезде жарамды. Банктің өтінішті орындау үшін қабылдауы Банктің жауапты тұлғаларының қол және мөртаңба қоюымен расталады. Банк осы Келісімнің 14-тармағына сәйкес алған өтініш көрсетілген тармақтың талаптарын орындаған кезде Банкпен алынған деп саналады.

39. осы Келісім 12 (он екі) ай мерзімге жасалады.

40. Егер Тараптардың ешқайсысы Келісімді бұзу туралы өтініш білдірмесе, онда осы Келісім дәл осы шарттарда және мерзімге автоматты түрде ұзартылған болып саналады.

41. Осы Келісім талаптары осы Келісім шеңберінде жасалған нақты шарт талаптарына карама-қайшы болған жағдайда Тараптар тиісті шарттың талаптарын басшылыққа алады.

VI. БАНКТИҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Jysan Bank» АҚ

Z05K7B0, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 242

BSN 920140000084

ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336

BSK TSESKZKA

BeK 14

КҰЖС КОДЫ 199247930000

Резиденттілік белгісі - 1,

Экономика секторы – 4.

Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімге қосылу туралы
өтініш

Төмендегі өтінішті мүмкіндігінше толық толтыруыңызды өтінеміз. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып Сіздің осы өтініште көрсеткен деректеріңіздің құпиялылығына кепілдік береді.

Жеке деректері:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Тегі мен атының латынша жазылуы _____

Жеке тұлғасын куәландыратын құжат: _____

Кіммен және қашан берілген _____ ж.

ЖСН _____

Құпия сөз _____

Байланыс деректері:

Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

Моб.тел. _____ үй/жұм.тел. _____

Факс: _____ E-mail: _____

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес осы Қосылу туралы өтініш арқылы Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімнің (бұдан әрі – Келісім) Қосылу туралы өтінішке қол қою күніндегі жағдай бойынша Банктің www.jysanbank.kz корпоративтік вэб-сайтына орналастырылған редакциясындағы талаптарын қабылдаймын және төмендегілерді растаймын:

- 1) Келісімді оқып шығып, ешбір ескертулерсіз және қарсылықсыз толық көлемде қабылдадым және Келісім мазмұнында менің ақылға қонымды мүдделеріме байланысты қабылданбайтын, мен үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ;
- 2) осы Қосылу туралы өтініш пен Келісім жиынтықта бір құжат болып табылады;
- 3) Банктің енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Келісімнің жаңа редакциясын Банктің www.jysanbank.kz мекенжайы бойынша корпоративтік вэб-сайтына орналастыру арқылы Келісімді біржақты тәртіпте өзгертуіне және толықтыруына келісемін;
- 4) егер Банкте осы Қосылу туралы өтініш бар болса менің Келісімді оқымағаным/қабылдамағаным дәлел ретінде Келісімде менің қолымның қойылмауына сілтеме жасауға құқығым жоқ;
- 5) Филиалдың атауын; Филиал/қосымша орынжай мекенжайын көрсету қызметін пайдалануға келісемін.
- 6) Банк: тарифтер, Келісім бойынша банктік қызметтерді ұсыну шарттары, Келісім бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және мүмкін тәуекелдіктер туралы, Келісімді жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы жеткілікті ақпарат ұсынды;
- 7) Осы Өтінішке қол қою күнінде Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына қосылды және оның шарттарын қабылдады

Келісімге сәйкес дербес банктік қызмет көрсету үшін Банктің жыл сайынғы комиссиялық сыйақысын Банк Тарифтеріне сәйкес менің Банкте ашылған теңгедегі № _____ ағымдағы шотымнан есептен шығаруыңызды өтінемін.

Келісім талаптарында келесі тұлғаларға жеке қызмет көрсетуді Келісімде белгіленген тәртіпте олар Келісімге қосылғаннан кейін жүзеге асыруыңызды өтінемін:

- | | |
|--|--|
| 1. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Кім болып табылады _____ | 2. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Кім болып табылады _____ |
| 3. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Кім болып табылады _____ | 4. Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Кім болып табылады _____ |

Банкке кез келген ақпараттық материалдарды (соның ішінде хабарламаларды, менің Банкте ашылған шоттарым бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді) (қажеттісін белгілеу):

- Мен Банкте болған кезде жеке өзіме табыстауға;
 Осы Өтініште көрсетілген электрондық мекенжай (E-mail) бойынша жолдауға;
 Осы Өтініште көрсетілген абоненттік нөмірге SMS түрінде жолдау;

Осы Өтініште көрсетілген телефон нөміріне факсимильдік байланыс арқылы жолдауға;
 Осы Өтініште көрсетілген мекенжайға курьер арқылы жолдауға рұқсат беремін.
Осы арқылы Өтініштің осы тармағына сәйкес ашық байланыс арналары бойынша Банк жолдаған ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алуы тәуекелдігін түсінетінімді және өзіме қабылдайтынымды растаймын.

Менің осы Өтініште көрсеткен ақпараттың толық және дұрыс екенін растаймын.
Келісім, Өтініш мәтіні бойынша ескертуім жоқ және қарсылық білдірмеймін.

Клиент (ТАӘ)

Клиенттің қолы

Өтінішке қол қою күні

√ _____

күні айы жылы

Банктің өтінішті қабылдау туралы белгісі (Банк қызметкері толтырады)

Банктің уәкілетті қызметкерінің қолы _____

Мөртаңба орны

Хабарлама

_____ филиалы

күні: « ____ »

Бөлімше атауы: _____

Мен, _____ клиенттің ТАӘ _____ төмендегі ақпаратпен танысып шыққанымды және келісім беретінімді растаймын:
- ағымдағы және жинақ ақша шоттары бойынша барлық операциялар, соның ішінде салымды ашу, толықтыру, алу/бір бөлігін алу, жабу және басқа да операциялар, сондай-ақ өзге банктік өнімдер мен қызметтер филиалдың/қосымша орынжайдың _____ мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

Күні және клиенттің қолы _____

Банк қызметкерінің ТАӘ және лауазымы _____ күні және қолы

*Дербес банктік қызмет көрсету туралы бас келісімге
3-қосымша*

___(күні)___ Хабарлама!

Мен _____(ТАӘ) _____ «First Heartland Jysan Bank» акционерлік қоғамына мобильді телефонымның нөмірі _____(жаңа нөмірді көрсету) _____ нөміріне/электрондық пошта мекенжайының _____(электрондық поштаның жаңа мекенжайын көрсету) өзгергені туралы хабарлаймын.

Өз қолыммен жаздым _____(қолы) .

Кімге: (Клиенттің тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетіледі)
мырзаға (ханымға)

(күні) Хабарлама

Құрметті _____, «Jysan Bank» АҚ Сізге Дербес менеджер/Қызмет көрсететін бөлімше басшысы ____ (ДМ/ҚББ ТАӨ) қызметтік электрондық пошта мекенжайының _____@_____.____ мекенжайына өзгергені туралы хабарлайды.
Құрметпен, «Jysan Bank» АҚ

Кімге: (Клиенттің тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетіледі)
мырзаға (ханымға)

(күні) Хабарлама

Құрметті _____, «Jysan Bank» АҚ Сізге Дербес менеджер/Қызмет көрсететін бөлімше басшысы ____ (ДМ/ҚББ ТАӨ) мобильді телефон нөмірінің: _____ нөміріне өзгергені туралы хабарлайды.
Құрметпен, «Jysan Bank» АҚ

Кімге: (Клиенттің тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетіледі)
мырзаға (ханымға)

(күні) Хабарлама

Құрметті _____, «Jysan Bank» АҚ Сізге (күнін көрсету) бастап банктік қызмет көрсетуге байланысты барлық мәселелер бойынша Дербес менеджер: (ДМ ТАӨ), (қызметтік электрондық пошта мекенжайы), (жұмыс телефоны), (мобильді телефоны), (Банктің бөлімшесінің нөмірі/атауы/мекенжайы көрсетіледі) хабарласа алатыныңыз жөнінде хабарлайды.
Құрметпен, «Jysan Bank» АҚ

Кімге: (Клиенттің тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері көрсетіледі)
мырзаға (ханымға)

(күні) Хабарлама

Құрметті _____, «Jysan Bank» АҚ (күнін көрсету) бастап (ҚББ ТАӨ), _____ (қызметтік электрондық пошта мекенжайы), (жұмыс телефоны), (мобильді телефоны), (бөлімше атауы) басшысы болып табылатынын хабарлайды.
Құрметпен, «Jysan Bank» АҚ

(Жеке электронды пошта/жеке мобильді телефон арқылы жіберілетін хабарлама мәтіні)

Мен, _____ (Т.А.Ә., ЖСН) _____ өтінемін (қажеттісін таңдау):

[1. _____._____._____ ж. бастап _____._____._____ ж. қоса алғандағы кезеңде карточкалық операциялар бойынша шектеулерді алып тастауды/өзгертуді:

- [банкоматтар арқылы қолма-қол ақшаны беру -
[мәртебесін бастапқы қалпы бойынша қалпына келтіру (тарифтер бойынша алғашқы қалпына қайтару)]

[шектеулерді алып тастау (лимитсіз тәртіпті белгілеу)]

[шекті соманы (лимитті) _____ (соманы және валютаны көрсету) дейін өзгерту]]¹

- [филиалдар/касса/бөлімшелер арқылы қолма-қол ақшаны беру -
[мәртебесін бастапқы қалпы бойынша қалпына келтіру (тарифтер бойынша алғашқы қалпына қайтару)]

[шектеулерді алып тастау (лимитсіз тәртіпті белгілеу)]

[шекті соманы (лимитті) _____ (соманы және валютаны көрсету) дейін өзгерту]]

- [сатып алу² -
[мәртебесін бастапқы қалпы бойынша қалпына келтіру (тарифтер бойынша алғашқы қалпына қайтару)]

[шектеулерді алып тастау (лимитсіз тәртіпті белгілеу)]

[шекті соманы (лимитті) _____ (соманы және валютаны көрсету) дейін өзгерту]]

- [интернет-операциялар³ -
[мәртебесін бастапқы қалпы бойынша қалпына келтіру (тарифтер бойынша алғашқы қалпына қайтару)]

[операцияларды шекті сомаға (лимитке) дейін жүргізуге рұқсат беру (төменде қараңыз)]

[шектеулерді алып тастау (лимитсіз тәртіпті белгілеу)]

[шекті соманы (лимитті) _____ (соманы және валютаны көрсету) дейін өзгерту]].]

[2. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде, әлемнің келесі елдерінде/аумақтарында болған кезде жүргізілетін карточкалық операциялар бойынша шектеулерді алып тастауды: _____ (елдің/аумақтың атауын көрсету)

_____._____._____ ж. бастап _____._____._____ ж. қоса алғанға дейін (әрекет ету кезеңін көрсету).]

[3. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде, әлемнің келесі елдерінде/аумақтарында болған кезде жүргізілетін карточкалық операциялар бойынша шектеулерді қалпына келтіруді: _____ (елдің/аумақтың атауын көрсету).]

¹ Осы хабарламаның мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгеннің барлығы қабылданады немесе талап етілетін қызмет мазмұнына байланысты хабарлама мәтінінен алып тасталады. Хабарлама мәтінінен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастаған кезде, қажеттілігіне қарай, хабарламаның келесі тармақтарының/тармақшаларының нөмірлеуін өзгерту.

² сатып алу операциясына осы жағдайда қызмет көрсету пунктінде төлем карточкасы ұстаушысының нақты болуын қарастыратын тауарларды/қызметтерді қолма-қол ақшасыз төлеуді карточкалық операциялары жатады.

³ интернет-операцияларға (сатып алу операциясының бір түрі) электронды коммерцияның карточкалық операциялары, пошта-телефондық тапсырыс әдісі арқылы жасалатын операциялар, қызмет көрсету пунктінде төлем карточкасы ұстаушысының нақты болуын қарастырмайтын операциялар жатады.

[4. ___ күн кезеңіне _____ (соманы және валютаны көрсету) сомасына төлем карточкасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операцияларына шығыстар лимитін белгіледі/өзгертуді (қажеттісін таңдау).]

[5. «Jýsan Bank» АҚ карточкасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операциясына шығыстар лимитін жоюды.]

Төлем карточкасының нөмірі (алғашқы алты цифрын және соңғы төрт цифрын көрсету керек):

						X	X		X	X	X	X				
--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--

(қосымша карточка бойынша қызмет көрсету қажет болған жағдайда

[6. ___ күн кезеңіне _____ (соманы және валютаны көрсету) сомасына «Jýsan Bank» АҚ қосымша төлем карточкасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операцияларына шығыстар лимитін белгіледі/өзгертуді (қажеттісін таңдау). Қосымша төлем карточкасын ұстаушының деректері: ТАӘ, ЖСН, № төлем карточкасының № (алғашқы алты цифрын және соңғы төрт цифрын көрсету)

						X	X		X	X	X	X				
--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--

]

[7. «Jýsan Bank» АҚ қосымша төлем карточкасы бойынша «қолма-қол ақша алу» операциясына шығыстар лимитін жоюды. Қосымша төлем карточкасын ұстаушының деректері: ТАӘ, ЖСН, төлем карточкасының № (алғашқы алты цифрын және соңғы төрт цифрын көрсету

						X	X		X	X	X	X				
--	--	--	--	--	--	---	---	--	---	---	---	---	--	--	--	--

]

[8. Мобильді қосымшада __. __. __ жылдан бастап __. __. __ жылға дейін қоса алғанда (әрекет ету кезеңін көрсету) депозиттік шоттан қолма-қол ақшасыз ақша аударымдарына шекті соманы _____ (соманы көрсету) дейін өзгерту.]

Клиентке арналған жаднама:

Құрметті _____,
банктік қызмет көрсетуге байланысты барлық мәселелер бойынша келесі Дербес менеджерге хабарласа аласыз: _____ (ДМ Т.А.Ә.), _____ (жұмыс электронды мекенжайы көрсетіледі), _____ (жұмыс телефонының нөмірі), _____ (мобильді телефон нөмірі), (Банк бөлімшесінің нөмірі/атауы және мекенжайы көрсетіледі).

Қызмет көрсететін Банктің басшысы: _____ (Т.А.Ә.), _____ (жұмыс электронды мекенжайы көрсетіледі)

Құрметпен, «Jysan Bank» АҚ

_____ "First Heartland Jýsan Bank" акционерлік қоғамының филиалы

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН КОНВЕРТАЦИЯЛАУҒА ӨТІНІМ
(жеңілдікті бағам бойынша)

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Пошта мекенжайы: _____

Телефон _____

Резидент Бейрезидент

Сізден төменде көрсетілген шарттарда шетел валютасын конвертациялауды жүзеге асыруды сұраймын:

1. Операция түрі:

мәміле бағамы бойынша шетел валютасын сату.

мәміле бағамы бойынша шетел валютасын сатып алу.

2. Валютаны есепке алу және есептен шығаруға арналған банктік шоттардың деректемелері:

"First Heartland Jýsan Bank" акционерлік қоғамының _____ филиалында есепке алуға арналған № _____ ағымдағы шот

"First Heartland Jýsan Bank" акционерлік қоғамының _____ филиалында есепке алуға арналған № _____ ағымдағы шот

3. Сатып алынатын валютаны пайдалану мақсаты: _____ ж. № _____
(депозиттік шарттың атауын көрсету) сәйкес ашылған Клиенттің № _____ жинақ
акша банктік шотында орналастыру. ҚҚС есебінсіз.

4. Валютаны конвертациялау күні «__» __ ж.

Есептен шығару сомасы*	Есептен шығару валютасы (USD, EUR, RUR, KZT)	конвертация бағамы	Есепке алу сомасы	Есепке алу валютасы (USD, EUR, RUR, KZT)

5. Валютаны конвертациялауды жүзеге асыру үшін Клиент Банкке осы Өтініштің 2-тармағында көрсетілген Клиенттің шотынан Клиентке қосымша хабарламай шетел валютасын сатып алу/сату жөніндегі операцияны жасау үшін қажетті соманы тікелей дебеттеуге/есептен шығаруға сөзсіз келісім (құқық) береді.

6. Осы өтініш валютаны айырбастауды жүргізу үшін негіз болып табылады, бұл ретте осы Өтініште белгіленген валютаны айырбастау бағамын Банк орындайды, ал сатып алынған валюта нарықтық сауда-саттық нәтижелері бойынша қалыптасқан валюта бағамына қарамастан Клиент сатып алған болып табылады.

Өтінімді ұсыну күні " __ " _____ 2020 ж. _____ қолы

БАНК қабылдады:

Операциялық бөлімше қызметкері _____

(Тегі, аты, әкесінің аты) (қолы, мөртабан (бар болса))

" _____ " _____ 20__ ж.

* Шетел валютасын жеңілдікті бағам бойынша айырбастау сомасы кемінде 1 000 000,00 (бір миллион) АҚШ долларын (теңгедегі баламасы) құрайды.